

**Б.С. Әбжет**

ф.ғ.к., доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,  
Түркістан, Қазақстан (e-mail: bakyt.abzhet@ayu.edu.kz)

**Түрік қағанаты тұсындағы діни ағымдар: буддалық ілім мен шамандық сенімдерден туған жыл қайыру, жеті қазына ұғымдарының халық әдебиетіндегі көрінісі**

**Андатпа**

Автор өз мақаласында көршілес отырған халықтардың діни сенімдердің негізінде түркі халықтарының фольклорына ауысқан, халықтың дәстүріне еніп кеткен кейбір ұғымдардың шығу тарихына үңіледі. Түрік қағанаты кезінде ел ішіне тараған діни сенімдер мен нанымдардың халық жадында сақталып қалған көріністерін жан-жақты талдауға тырысады. Сол дәуірден келе жатқан сары ұйғыр секілді көне тайпалардың мифтік түсінігі мен көне сенімдерін, салт-дәстүрін зерттей отырып, қазіргі қазақ фольклорында сақталған діни сенімдердің келу жолдарын анықтауға күш салады. Түркі қағанаты кезеңінен бастау алатын түркі жазба дәстүрінің тасқа, хатқа түскен іздері мен сол дәуірлердегі тараған діни ағымдар негізінде пайда болған жазба дәстүрі жайында да баяндап өтеді. Бұл ағымдардың халық әдебиетіндегі іздері де мақалаға арқау етілген.

**Кілт сөздер:** шаманизм, буддизм, жыл қайыру, жеті қазына, Түрік қағанаты.

**B.S. Abzhet**

Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Khoja Akhmet Yassawi  
International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan  
(e-mail: bakyt.abzhet@ayu.edu.kz)

**Religious Trends During the Turkic Khaganate: Counting Down the Chronology from the Birth of Buddhism and Shamanism, Manifestation of Ideas About the Seven Treasures in Folk Literature**

**Abstract**

The author in his article examines the history of the emergence of some concepts that have entered the tradition of the people, which have passed into the folklore of the Turkic peoples on the basis of the religions of neighboring peoples. He also sought to comprehensively analyze the manifestations of religious beliefs and beliefs that were preserved in the memory of the people during the period of the Turkic Kaganate. At the same time, studying the mythical concept and ancient beliefs, the traditions of ancient tribes, like the yellow Uyghurs, heirs from that era, I want to determine the efforts of the ways of the onset of religious beliefs that have survived in modern Kazakh folklore. The goal of the Turkic Khanate is to describe the traditions of the Turkic written tradition on the basis of traces of stone, letter and the spread of religious movements in these eras. Plots and reflections of common religious trends and in folk literature are also based on the article.

**Keywords:** shamanism, buddhism, calendar, seven treasures, Türkic Kaganate.

## **Б. Әбжет. Түрік қағанаты тұсындағы діни ағымдар: буддалық ілім...**

Ұлы Даланы мекендеген көшпелі түрік тайпалары көрші елдермен бірде жаулықта, бірде достық қатынаста өмір сүрген, кейде қуатты империяға айналып, шығысы мен батысындағы бірнеше халықты өзіне бағындырып отырған. Қай уақытта да алыс-жақын елдермен тығыз қарым-қатынаста болып, олармен алыс-беріс, барыс-келіс орнатқандықтан түркі мәдениетіне көптеген халықтардың әдет-ғұрпы мен діни ұстанымдары да әсер етіп, оның ұдайы дамуына септігін тигізетін болған. Жалпы қай елдің мәдениеті болмасын томаға-тұйық қалпында дамымайтындығы белгілі. Бір өркениет екінші бір мәдениетке ықпал ету арқылы өзге мәдениеттің дамуына үлесін қосып отыратын болған.

Қоғамның жаңаша сипат алуында жаңадан дүниеге келген дін мен діни ұстанымның алатын орны айрықша болмақ. Әлемдік діндер дүниеге келген тұста жазба әдебиет пен мәдениеттің қарқынды дамуына жол ашып отырады. Қай кезде де мәдениеті мен әдебиеті дамыған елдер өз ықпалын өзге жұртқа жүргізе бастайтыны бар. Түрік қағанаты күшейіп тұрған кезеңде сырттан кірген түрлі миссионерлік ағымдар өздерінің діни ілімдерін түркі жұртының ішіне таратуға рұқсат алып, түркі тіліне аударған өз еңбектерін ел ішіне таратуға қол жеткізіп отырған. Қай дәуірде, қай кезеңде болмасын дін қызметкерлері өздерінің діни ұстанымдарын өзге елдерге барып насихаттау, өз діндерінің артық тұстарын дәріптеу жұмысын белсенді түрде жүргізіп келді.

Фольклортану ғылымының бір ерекшелігі бұрынғы діни ұстанымдар мен наным-сенімдер ескіріп, халықтың кейінгі қолданыстағы дәстүрінен ұмытылып кетсе де, ертегі, миф, әпсана секілді жанрларында реликті түрде болса да сақталып қалатыны бар. Біз бүгінгі ғылыми талдау жұмысымызда осындай діни ағымдар негізінде жадымызда сақталып қалған кейбір сенімдердің шығу тарихына тоқталып өтпекпіз. Соның бірі көрші Шығыс елдерінен сіңісті болған, будда дінінің әсерінен туған ұғымдардың бізге келу себептерін көрсету. Будда ілімі Қытаймен көршілес отырған түркі тайпаларына да өтті, бір жағы кезінде қуатты мемлекетке айналған Кушан империясы будда ілімін жан-жаққа таратқан болатын. Қытай мемлекеті де будда дінін осы кушандықтардан қабылдаған еді. «В I в. н.э. на севере Индии возникает огромная Кушанская империя, завоевавшая часть Афганистана, Центральной и Средней Азии. Наиболее известным правителем Кушанской империи был полубоготворный Канишка, считающийся ярым сторонником и

покровителем буддизма. При кушанах широко распространяется одна из форм буддизма – махаяна. Высочайшего развития достигает искусство, литература, философия» [1, 116 б.]. Қазіргі кезде Шығыста өмір сүретін моңғол, қалмақ, алтай, сібір халықтары осы будда дінін ұстанады. Будда діні өз кезегінде түркілер мен моңғолдар арасында шамандық нанымның дүниеге келуіне әсер етті. Шамандық нанымды ұстанған халықтардың өзі кейін будда дінін қабылдап отырған. Бұл екі ұстаным бір-біріне өте жақын екендігін осыдан-ақ көруге болады.

Кезінде Ә. Қоңыратбаев шамандық нанымның будда іліміне жақындығын дұрыс пайымдаған болатын. Ол өз еңбегінде көшпелі ғұн тайпалары Мөде хандығының тұсында әлі шамандық сенімде болмағандығы турасында жазады. Шамандық сенімнің Тибет арқылы солтүстігінде тұратын көшпелілерге келгендігін айтады: «Хун патшасы Мо-Дэ күндіз күнге, түнде «ескі айда есірке, жаңа айда жарылқа» деп айға табынған. Шаман культі ол кезде туа қойған жоқ еді. Егер туа қалған болса, күнге табынып, соның құрметіне жылқы шалатын сақ тайпалары да, бәнуге (күнге) табынатын тибет елі де, Шамаш деп күнге сыйынатын үнді-бабыл елдері де өздерін шаман дінінде түсінуі мүмкін ғой. Ал шаманизм көбіне тек тибет, моңғол, түркі тайпаларында ғана бар. Рас, шаманизм буддизмнің бір мазхабы болған. Ол VI–VII ғасырларда Үнді елінен Тибет пен Қытайға, содан соң түрік-моңғолдарға өткен. Үнді жұрты бақсыны «бхихшу» деген. Айырмашылығы – Қытай, Тибет, Моңғолдар лама арқылы бұтқа табынса, түріктер аруаққа (онгонға) табынған» [2, 116 б.].

VI–VII ғасырларда яғни, Түрік қағанаты кезінен бастап кең түрде жайыла бастаған будда ілімі одан кейін билікті қолға алған Ұйғыр қағанаты кезеңінде де өз танымын терең енгізе берген. Ұйғыр қағанаты құлаған соң да сары ұйғырлардың көпшілігі сол будда ілімін ұстанып қалды. Сары ұйғырлар ежелден бері келе жатқан өте көне түркі тайпаларының қатарына жатады, әрі кезінде үлкен мемлекет құрған қуатты тайпа болған. Ұйғыр мемлекеті дәуірлеп тұрған тұста ел ішіне тараған түрлі діни ағымдар оларға кері әсерін де тигізген, бұл бір жағы мемлекеттің күйреуіне алып келді әрі сары ұйғырлардың өзі әр түрлі діни сенімде болды. Ұйғыр мемлекеті кезінде мәдениет жоғары деңгейге көтерілді, жазба әдебиет дамыды, түрлі діни ағымдар бой көтерген тұста ел ішінде әртүрлі діни трактаттар түркі тіліне аударылып, халық арасына тарала бастаған кез болатын. Ол діндер өз танымдарын түркі тайпаларына жайды, өз заңдарын түрікшеге аударып кітап етіп таратты. Ұйғыр қағанаты өз кезеңінде жазу

## Б. Әбжет. Түрік қағанаты тұсындағы діни ағымдар: буддалық ілім...

мәдениеті дамыған, гүлденген мемлекет болды. Несториандық, манихейлік, тәңіршілдік, будда, зороастризм секілді діни ағымдар Ұйғыр қағанаты кезінде қатар дамыды. Түркі қағанатына дейін де ел ішіне біршама діни ағымдар жайылған болатын. Қазіргі кезге жеткен бірқатар діни насихаттағы кітаптар сол кезеңнің жемісі болып саналады. Бұлардың көпшілігін сауда-саттық кезінде сырттан келген керуеншілер, миссионерлік бағыттағы саяхатшылар таратып отырды. Діни ағымдардың таралуына ешқандай қысымшылық жасалмады. Бұл діни ағымдар Түркі қағанаты тұсында қатты белең алып, дін жолындағы қақтығыстарға ұласпағанымен, кейін Ұйғыр қағанаты тұсында біршама күшейді. Әсіресе манихейзм діні күшейіп қағанаттың ресми дініне айналғаны белгілі. Манихейзм дінінің өкілдері түркі тайпалары арасына өзінің ілімімен қатар жазу емлесін де ала келді. «Түркілерде соңғы соғды жазуының кең қолданысқа ие болуы Х ғасырдың алғашқы жартысында ұйғыр қағанаты құлаған соң ұйғырлар Гоби шөлінен Гансу аймағына көшіп келгеннен кейін жүзеге асты. Бұл жазуды көбірек Гансудағы сары ұйғырлар қолданғаны үшін көне ұйғыр жазуы деп те аталды. Көне түркі руника жазбаларымен салыстырғанда, соңғы соғды жазуымен қатталған ескерткіштер, мәтіндер өте көп. Қазір мазмұны жағынан будда, манихей, несториан дініне қатысты діни мәтіндер және хандардың жарлық хаттары, барыс-келіс хаттары, келісімдер, әдеби шығармалар, т.б. мол материалдар сақталып отыр. Діни мәтін ретінде біреуінің өзі 7 мың жолға жететін «Алтұн ярұқ» (Suvarṇaprabhāsasottama Sūtra), «Шұанзаң өмірбаяны» (Biography of Xuanzang – қытай діндарының өмірбаяны), «Майтырысимит» (Maitrisimit nom bitig – будда дінін уағыздауды мақсат еткен ең ертедегі сахналық шығарма) қатарларын айтуға болады. Әдеби шығармалардан осы жазумен жазылған «Құтты білік», «Оғызнама» сынды жалпыға әбден таныс материалдар бар. Бұл жазу кезінде Алтын Орда мемлекетінің орда жазуы болған, Тоқтамыс, Темір Құтлық хандардың жарлығы осы жазумен жазылған» [3].

Сары ұйғырлар қағанат құрған тұста түркі халықтарының мәдениеті мен дүниетанымын кенейтіп, түрлі діни әдебиеттердің түркілер арасына сіңуіне мүмкіншілік жасап, көптеген жазба әдебиеттерін артына қалдырғандығына қарамастан қазіргі түркі тілінде сөйлейтін сары ұйғырлар будда дінін ұстанады әрі оларда шаман дініндегі көптеген мифтік аңыздар жақсы сақталып қалған. Гансу аймағында оңаша өздігінен көшіп-қонып жүргендіктен болар сары

ұйғырлардың тілі Ұйғыр қағанаты кезіндегі тілдік деңгейге жақын боп шыққан. Ол жайлы түрколог-ғалым С.Малов жан-жақты зерттеулер жүргізіп, қағанаттың тікелей мұрасы екенін анықтаған: «В 1909 г. я отправился в Центральный Китай для изучения языка желтых уйгуров. Язык этих уйгуров оказался по времени ближайшим потомком языка уйгурской (и рунической) письменности. По существу же я считаю этот язык древнее письменных языков. Здесь, в языке желтых уйгуров сохранилась старая тюркская система счета; здесь были в разложимых корнях комплексы звуков *pt*, *lt*, *nt*, причем первый звук оказался здесь глухим. Например, жел. – уйгурск. *n'ылт'e* «знал», *n'ылт'ым?* «узнал ли?», *алт'e* «взял», *алт'ым* «взял ли?», *n'арт'e* «ходил», *ноп'арбан* «ходивший», *ант'a* «там», *мунт'ан* *n'ырынт'a* «раньше, давно». В языке желтых уйгуров глухие звуки были и в некоторых аффиксах после гласных корня. Например, *n'елме't'e* «не знал», *келме't'e* «не приходил» и т.п. Оказалось, что у желтых уйгуров, естественных потомков древних уйгуров, и в языке сохраняются старые черты древнеуйгурского языка письменности своих былых предков» [4, 135 б.].

Сары ұйғырлардың тілі хакас, шор халықтарының тіліне жақын, түркі тілінің солтүстік-шығыс тілдік тобына жатады. Сары ұйғырлар өздерінің орналасу аймағына қарай тағлық (таулық) және ойлық (ойлық) деп екіге бөлінеді. Сары ұйғырлардың тілі қазақ тіліне де жақын келеді әрі салт-дәстүр жағынан да жақындық бары байқалады. Оның үстіне сары ұйғырлар монголоид болмаған. Демек, Түрік қағанаты тұсындағы халықтардың наным-сенімі ғана емес, антропологиясын зерттеудің де ғылым үшін маңызы айрықша болмақ. Ол тұстағы ұйғырлар қытай мен тибеттің қысымына ұшырамаған болуы керек, қазіргі сары ұйғырлардан антропологиялық жағынан бірқатар өзгерістер болған. Сол тұстағы Қытай суретшілерінің сипаттауынша, ұйғырлар монголоид типтес болмаған. Олардың көзі үлкен әрі шаштары ұзын етіп суреттелген. Ол турасында орыс этнографы Г.Е. Грумм-Гржимайло қытай суретшілерінің сипаттауына қарап: «человеком с толстым носом, большими глазами и с сильно развитою волосною растительностью на лице и на всем теле и, между прочим, с бородой, начинавшейся под нижней губой, с пышными усами и густыми бровями» [5, 18 б.], – деп қорытынды жасаған

Ұйғыр қағанаты тұсында биліктегі үстем тап өкілдері манихейзмді ресми дін деп жариялағанымен қарапайым халық бұрынғы ата-бабаларының сыйынған шамандық сенімінде қала берген.

Түрік қағанаты тұсында да ұйғырлар будда дінінде болған. Тибет пен Қытай мәдениетінің ықпалы қатты болғандықтан сары ұйғырлар кейінгі кезге шейін ламаизм ағымын ұстанады. Шира ұйғырлар мен сары ұйғырлар өздерін бір халықпыз деп есептейді, дегенмен шира мен сары ұйғыр бір-бірімен кезіккен кезде тек қытайша сөйлесіп ұғынысады. Екеуі де будда дінін ұстанады. Бүгінгі күнде шира ұйғырларының саны 4–5 мыңдай адам. Сары ұйғырлар, яғни түркі тілінде сөйлейтін ұйғырлардың саны 5–6 мың адамды құрайды. Қазіргі кезде де Гансу аймағында тұрып жатқан ұйғырлар ламаизм ағымында жүр. Шаман культінің мықты өкілдері таулықтар болып келеді. Қазіргі сары ұйғырлардың аңыз-әңгімелерін, мифтік ұғымын салыстыра келе олардың бұрынғы ата-бабасынан қалған шамандық бағыттағы наным-сенімдерді әлі күнге қастерлі санайтынына көз жеткізуге болады.

Р. Рахматалиев қазіргі сары ұйғырлардың нанымдарында ұшырасатын сыртқы діндердің тигізген әсері турасында мынадай тұжырым жасайды: «Как бы искренне ни было обращение каганов в новую веру, как бы ни было сильно их убеждение, манихейство отвратило массы от своих древних верований не в большей степени, чем буддизм в начале эпохи Тюркской империи. Отношения между манихейством и шаманством оставались загадочными, хотя в них присутствовали и терпимость, и сотрудничество, несмотря на то что эти две религии вдохновлялись совершенно разными идеалами. Возможно, дихотомия древнего шаманства, со всеми его параллелями типа «небо – земля», «восток – запад», «синее – черное», только усиливалась манихейством, что может объяснить определенную тенденцию к дуализму в некоторых последующих религиозных представлениях тюрков» [6].

Сары ұйғырлардың салт-дәстүрін зерттеу арқылы қазіргі қазақ халқының ырым-нанымынан орын алған кейбір көне түсініктердің шығу төркінін анықтауға болатын секілді. Түрік қағанаты мен Ұйғыр қағанаты кезеңінде халық дәстүріне сіңе бастаған кейбір нанымдар кейін ислам діні кірген соң айналымнан шығып қалғанымен, халықтың жадында олардың дүниеге әкелген аңыздары мен ертегілерінде сақталып қалғандығы байқалады. Соның бірі буддизмнен сақталып қалған сенімдер де кездесіп отырады. Қазақтың ғасырлар бойына жыл санау, жыл қайыру дәстүрін де қарап отырсақ, мүшелдеп жыл қайырудың будда дінінде де бар екендігін көреміз. Оған таң қалуға да болмас, себебі қазақпен көрші отырған моңғол, қалмақ, сібір халықтарынан да кезінде бірен-саран ырымдар ауысып отырған. Енді

қазақтың дәстүріне еніп кеткен кейбір буддалық кірме ырымдар қайдан келіп шыққан деген заңды сұрақ туады. Жоғарыда сөз еткеніміздей жыл қайыру дәстүріміз көршілес отырған елдердің бірінен ауысқан ба әлде көшпелі халықтар сол елдерге әсер етті ме деген ой келеді. Алайда қазақтың жыл қайыру, жыл санауында қазақ даласында кездеспейтін аңдардың ұшырасуы әрі доңыз секілді еті арам хайуандардың аралас келуіне қарағанда бұл будда дінінен ауысқан болуы керек деп пайымдаймыз. Жалпы жаңа дін келгенде жаңа жыл басталып, календарь жүйесінің енетіні белгілі. Жыл қайыру, жылды белгілі бір хайуанаттың атымен бастау шығыс халықтарында оның ішінде будда ілімінде ұшырасады. Жылды он екі айға бөліп, зұлым күштер мен мейірімді күштер арасындағы ұдайы жүріп жататын күрестің соңында мейірімділік жеңіске жетуі тиіс. Мұндай дуалистік мифке арқа сүйейтін ұғымдар Иранның көне діні зороастризмде де бар. Қыстан шығар кезде мейірімді құдайға болысу үшін адамдар «сада» атты мейрамды тойлап, әр жерден лаулатып от жағатын болған. Қыстың қаһары қайтып, күн жылына бастаған кезді «наурыз» яғни жаңа күн келді, мейірімді құдай жеңді деп тойлауға кіріскен.

«Существенную роль играют в ваджраяне представления о мифической счастливой стране *Шамбале* и о возникшем там учении Калачакра («колесо времени»). Согласно этому учению, все внешние процессы и явления взаимосвязаны с телом и психикой человека, поэтому, изменяя себя, человек изменяет весь мир. Отсюда берет начало и так называемый «восточный календарь» с его 60-летним «звериным циклом» (пять раз по 12 лет). В будущем ваджраяна возвещает сражение между добрыми и злыми силами, после чего наступит прекрасное и справедливое время» [7, 238 б.].

Мүшелмен он екі айға бөліп есептеу жылнамасы о баста Тибет жерінде пайда болған деп айтуға болады. Ол туралы көптеген деректер де ұшырасады. Қытай, Жапон, Корей секілді елдер жыл санауды Тибет мәдениетінен алғандығын айтады. Ол турасында: «Анализ истории циклов у некоторых народов свидетельствует в большинстве случаев о заимствованном характере этой системы счета времени. Японцы, маньчжуры, корейцы, народы Индокитая получили цикл из Китая; монголы – от уйгуров.

60-численный цикл, очевидно, был изобретен в Китае, причем еще до того, как был применен для счета годов; но животный цикл появился там только в начале нашей эры, и тогда же 60-численный цикл в Китае начал применяться для счета лет. Из Китая 60-численная

система распространилась раньше всего в Корее, Японии и Тибете, позднее в Индокитае и Монголии. Где было изобретено применение названий элементов и цветов для 60-численной системы – неизвестно, но представляется вероятным, что родиной их был Тибет» [8, 53 б.].

Мүшелдеп жыл қайыру тек қана қазақ халқында ғана емес, Еуразия кеңістігін жайлаған көптеген түркі халықтары мен моңғол тектес халықтардың дәстүрінен орын алған. Бұл дәстүр әлі күнге шейін ел жадында жақсы сақталған. Жыл қайыру дәстүрі ерте дәуірлерден бері келе жатқандығын М.Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрк» атты еңбегінен көруге болады. Демек, бұл жыл қайыру дәстүрі түркі халықтары арасында мың жарым екі мың жыл бұрын яғни, исламға шейін орнығып, қалыптасқандығын көреміз.

Қазақтар ішіне тараған тағы бір киелі ұғымдардың қатарына «жеті қазынаны» жатқызуға болады. Қазақта «ит те жеті қазынаның бірі» дейтін мәтел бар. Мұның қайдан шыққандығын дөп басып ешкім айтқан емес. Жалпы жеті қазына кімнің қазынасы, құдайдың ба жоқ патшаның ба, әлде халықтың ба ол жағы түсініксіздеу. Қазақтардың ұғымындағы жеті қазына шаңыраққа алып келетін бақ-береке ретінде сипаттау басым болып келеді. Бұл жеті қазынаға мынаны жатқызады:

1. Ер жігіт.
2. Сұлу әйел.
3. Ілім - білім.
4. Жүйрік ат.
5. Құмай тазы.
6. Қыран бүркіт.
7. Берен мылтық.

Демек бұл жеті нәрсе ер жігіттің қазынасы дегенді білдіреді. Олай болғанда бірінші боп тұрған «ер жігіт» деген басы артық дүние боп қалады. Жігіттің жеті қазынасы жайында интернеттік желіде мынадай шумақ та кездеседі:

«Жүрдек аты – жігіт қаны, қанаты  
Қыран бүркіт – қарым күші, қуаты.  
Құмай тазы – бастан берік сенімі,  
Ақ мылтығы – сөнбес оты, серігі  
Алмас кездік – жігіт сұсы, һәм мысы  
Ау, жылымы – амал, айла, әдісі  
Қара қақпан серті себі тірліктің

Осы жеті қазынасы жігіттің», – деп келеді. Алайда, мал баққан қазақ халқы балықты қазынаға жатқызбаған. Мұнда да бір шикілік



бары бірден көзге түседі. Жалпы қазақтар балық аулауды кейінгі кезеңде ғана кәсіп ете бастаған. Балықты тағам ретінде тұтыну қырдағы қазақ үшін таңсық дүние болып табылған. Ендеше «ау, жылым» деген түсініктер Арал, Каспий теңізін жайлаған қазақтар болмаса былайғы қазақтар біле бермеген; сондықтан ау да, жылым да қазақ үшін киелі зат емес, басқа қазақтар атқа арқалап алып жүретін қасиетті дүниеге жатпайды. Қырда мал баққан қазақтардың көпшілігі оның не екенін де білмеген. Ендеше жеті қазына ұғымы кейінгі кезде қазақ жадынан ұмытыла бастаған дүние болуы мүмкін.

Қазақтар арасында сақталып қалған бұл ұғым да сонау ерте дәуірлерде будда ілімі арқылы ауысып келгенге ұқсайды. Бұл діннің ел ішіне таралуы қарқынды болмағандықтан, одан ауысқан дүниелер де онша көп емес. Аз болса да кейбір ұғымдардың ел ішінде сақталғандығын көруге болады. Соның бірі Түрік қағанаты тұсында ел ішіне тараған «Майтри Симит. Ном бітік» кітабын жатқызуға болады. Бұл еңбекте өздерінің құдайы Бурханның жеті қазынасы туралы анық жазылған. Онда былай деп көрсетеді:

«1. Болар. Үшінші, ерен жүйрік Ачанаи атты ат асылы болар.

2. Төртінші күндіз-түні бір бара мекенге жарық шашып беретін моншақ асылы болар.

3. Бесінші, көріп қанғысыз (көркіне) табынары болған Килиц елінен шыққан, сипасаң жұп-жұмсақ (тәнді) қыз асылы болар.

4. Алтыншы сарқылмас байлықты даярлап жіберуші бір ер азамат асылы болар.

5. Жетінші аса ержүрек әскер басы сарбаз асылы болар.

563. yiti ärdini (ЛТ) – жеті асыл немесе жеті қазына; 1) арба доңғалағы, 2) ақ піл. 3) жүйрік ат, 4) Муни моншағы, 5) сұлу жар, 6) ақылды уәзір, 7) батыр қолбасшы»[8, 156–157 бб.].

Майтри Симит кітабында жеті қазынаға байланысты тағы да мынадай ұғымдар ұшырасады:

«26.

1. Жиналып (алақан) аясын қауыштырып, ұлығ құрмет
2. Ілтипатпен денесін иіп, тәңірдің тәңірі
3. Бурханға былай деп өтініш өтінді:
4. «Аяулы мәртебелі тәңірім, сол жеті асылға
5. Түгел (ие) Шанки чкрурт ілік
6. Хан – мен болып табылайын. Мың тоңа.
7. Батыр оғыландарымен бірге әлемде
8. Мекен-суға билік (етейін).

- 36.
5. Бурхан былай деп жарлық етті: « (мен) бір сәттік
  6. Мезет ішіндегі Ажұнды құптамаспын,
  7. Ұнатпаспын, тағы айтудың
  8. Керегі – ұзын уақыт Ажұндарға
  9. Үміт ұялатсақ, осылай,
  10. Тағы да Ачиті сенің сондай көксегеніңдей
  11. Болсын. Кейін келетін уақытта,
  12. Сегіз түмен жасты адамдар, өзі
  13. Шанки чкрурт ілік хан (болып), жеті асылды
  14. ..мың тоңа оғыланның түгел
  15. ..бұл мекен-су арқылы қайталаусыз
  16. Билігіңді тартарсың. Паранати
  17. Ілік ханның апырығын жоғары тіктегейсің.
  18. Көптеген адамдарға садақа
  19. Бергейсің, құт-жақсылық ісін қылғайсың.
  20. Ең түбінде Майтридің номында
  21. Тойын болып, архант құтын тапқайсың» [8, 158 б.].

Будда ілімі бойынша Бурхан құдайдың сеніміне ие болып, жеті асылды тапқан киелі хан ғана «Тоңа» атанып, ілік хан атанады. Осы жерде Самарқандты билеген, Иранға қарсы соғысқан Тұран елінің патшасы болған Алып Ер Тоңа еске түседі. Ж.Баласағұнның «Құдадғу біліг» кітабы мен М.Қашқари сөздігінде:

Алл Ер Тоңа өлді му?

Есіз ажун қалды му?

Өзлек өчун алды му?

Емді йурэк йыртулур, – деп келетін жоқтау жолдары сақталған. Фирдоуси жырлаған «Шахнама» дастанында Тұран-Иран соғысы зороастризм дінінің дүниеге келуі мен оны Иран патшасы Гоштасптың қабылдауы және Тұран патшасы Лохрасптың оған қарсы шығуынан басталады. Тұран әскерінде жадыгөйлікпен қаруланған шамандық дін өкілдері соғысқа қатысып отырады. Бұл дастанда жаңа дін мен ескі діннің арасындағы ұзаққа созылған қақтығысты көрсетеді. Тұран мен Иран соғысы кезінде түркілердің шамандық сенімде болғандығы көрініс табады.

Қазақтың жеті қазына ұғымы шамандық сенімге, буддалық философияға құрылған болып шығады. Қолжазба қорында жеті қазынаға қатысты халық аузынан жазылып алынған мынадай аңыз сақталған: *«Ертеде бір ойшыл адам болыпты, ол адам: «Осы дүние*

жаратылысында бір сыр бар ғой, мұны білер адам болар ма екен?» – деп әр адамнан сұрапты. Сұраған адамдары мазақтап ұрсатын болыпты. Содан кейін ол адам осы ойына жауап іздеп, елді, жұртты аралап жүре беріпті. Сөйтіп жүргенде бір адам кездесіпті. О да осы пікірді қостап пікірлесіпті. Сөйтіп бұлар алты адам болып, қосылып пікірлесіпті. Сөйтіп алтауы келе жатқанда оларға бір ит кездесіп соңдарынан қалмапты. Сонда біреулері айтыпты «Осы еліміздің әдетінде ит жақсы емес еді, осы иттен құтылайық» деп итті қуыпты, ит кетпепті. Ұрыпты кетпепті. Содан кейін ол кезде жандыны азаптауға болады екен де, өлтіруге болмайды екен. Иттің бір аяғын кесіп тастапты. Ит кетпепті, қалмапты. Сөйтіп, төрт аяғын да кесіпті. Сонда да ит домаланып қалмапты. Бұлар бір таудың үңгіріне кездесіпті. Сол үңгірге келіп дем алмақшы болып ұйықтап қалыпты. Ұйқылары қанған соң ойшылдар қарны ашып, бір тамақ ішейік десіпті де ішіндегі бір еті тірісіне мына елден тамақ сатып әкел десіпті. Ол елге барып тамақ алатындай ақша ұсынса ел, «мына ақшаң қашанғы ақша? Бұл ақша ескі ақша, бұл заманның, біздің елдің ақшасы емес», – депті. Ол жігіт: «Неге ескі болады, біз елден шыққанда алып шықтық, басқа ақшаларымыз жоқ», – депті. Мұны естіп отырған бір адам «мұнда бір сыр бар болар» депті. Әлгіден жөндерін сұрапты. Ол өздерімен алты, итпенен жеті жан екенін айтты. Таудың қуысына ертіп келсе, ана жолдастары өздерінің пікірлерін сөйлеп өмірдің, дүниенің өзгерістерін айтып, ой түбіне жете алмай ақылдасып отыр екен. Олардың жанындағы төрт аяғын кескен иттің аяғы жазылып кетіпті. Келген адамдардың алдынан еркелей шығыпты. Жолдастарды ол итті «жеті қазынаның бірі» дейді екен.

Бұл ойшылдарға манағы елдің адамдары жатырқап, «бұлар әулие ме, диуаналар ма, жоқ жындылар ма? Басқа ой ойлап, дала кезіп үңгірде күн өткізген адамдар бола ма екен?» – десіпті.

Сонда біреуі айтыпты: «Бұлар ойдың қазынасы, мынау ит те қазынаның бірі» – депті. Сөйтіп отырып бұл жерде қанша болғанын есептесе 300 жыл ұйықтап қалған екен. Сөйтіп отырып тамақ ішіп, жайланып отырған соң біздің ұйқымыз қанған жоқ екен, ұйықтай түсейік десіпті. Сол кезде үңгірдің есігі қатты жабылып, жеті қазына ішінде қалып қойыпты. Бұлар қиямет қайымға дейін сол үңгірде ұйықтап жатпақшы дейді. Міне, қазақтың жеті қазынаның бірі ит деуінің негізі осы болуы керек» [9, 1–2 бб.].

Бұл аңыздың идеясы дүниенің сырын түсінуге ұмтылған алты

## **Б. Әбжет. Түрік қағанаты тұсындағы діни ағымдар: буддалық ілім...**

ойшылдың үнгірге барып енуі, оңашада отырып құдаймен диалогтасу, тауда жүріп ұдайы құлшылық ету ұғымы буддалық түсінікке барып тіреледі. Демек, жеті қазынаға байланысты дүниеге келген ұғымның өзі буддалық діни-философиялық түсініктен келіп шыққандығын байқаймыз. Жалпы Үнді мәдениеті тек қана түркі халқының мәдениетіне ғана емес, көрші отырған Иран, араб елдерінің, сонымен қатар Еуропа елдерінің мәдениетіне де өз әсерін тигізгені белгілі. Мұндай мәдени байланыстардың тарихы тым тереңде жатқандығын байқаймыз.

### **Әдебиеттер**

1. Титаренко И.Н. История культуры Древнего Востока: Учебное пособие. – Таганрог: Изд-во ТТИЮФУ, 2010. – 222 с.
2. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. Алматы: «Ғылым», 1987. – 368 б.
3. [http://kazgazeta.kz/cuxbat/Guldarhan\\_SMAFULOVA](http://kazgazeta.kz/cuxbat/Guldarhan_SMAFULOVA)
4. Малов С. Е. Древние и новые тюркские языки/Известия АН СССР. Отделение литературы и языка. – Т. XI. Вып. 2. - М., 1952. – С. 135–143.
5. О внешности уйгуров (Грумм-Гржимайло Г. Е. Западная Монголия и Урянхайский край. Т. П. Л., 1926, с. 18).
6. Рахманалиев Р. Источник: [http://historylib.org/historybooks/Rustan-Rakhmanaliyev\\_Imperiya-tyurkov--Velikaya-tsivilizatsiya/32](http://historylib.org/historybooks/Rustan-Rakhmanaliyev_Imperiya-tyurkov--Velikaya-tsivilizatsiya/32)
7. Религия в истории и культуре: Учебник для вузов/Под ред. Проф. М.Г. Писманика. – 2-е изд, перераб. и доп. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2000. – 591 с.
8. Захарова И.В. Двенадцатилетний животный цикл у народов Центральной Азии. Труды института истории, археологии и этнографии АН КазССР. Том 8. Алматы, 1960. 32–66стр.
9. Қазақ колжазбалары. Көне түркі және казак жазба әдеби мұралары (б.д.д. V ғ. бастап – XX ғ. дейін), 10 томдық басылым. Майтри Симит. Ном бітік (Maitrisimit Nom Bitig, Құмыл нұсқасы, XI ғасыр, 1067 жыл): факсимелия, транскрипция, жолма-жол және еркін аударма. – Алматы: «Ел-шежіре» ҚҚ, – 2012. Т.5: – 384 бет.
10. Қаңтарбайұлы Қ., Шақанұлы Д. Солтүстік Қазақстан, Көкшетау облыстарына барып жинап қайтқан материалдар мазмұны. 26 апрель 1962 ж. 1–24 б. Орталық ғылыми кітапхананың Сирек кітаптар орталығы. Қолжазба шифрі №1884.

### **References**

1. Titarenko I.N. Istoriya kúltúry Drevnego Vostoka: Ýchebnoe posobie. – Taganrog: Izd-vo TTIYFY, 2010. – 222 s.
2. Qońyratbaev Á. Qazaq eposy jáne túrkologiya. Almaty: «Gylym», 1987. – 368 b.
3. [http://kazgazeta.kz/suhbat/Guldarhan\\_SMAFULOVA](http://kazgazeta.kz/suhbat/Guldarhan_SMAFULOVA)
4. Malov S. E. Drevnie i novye tyúrkskie iazyki/Izvestiia AN SSSR. Otdelenie literatúry i iazyka. - T. XI. Vyp. 2. – M., 1952. – S. 135–143.
5. O vneshnosti ýigýrov (Grýmm-Grjmailo G. E. Zapadnaia Mongolii i Ýriahaiskii kraj. T. P. L., 1926, s. 18).

6. Rahmanaliev R. Istochnik: [http://historylib.org/historybooks/Rustan-Rakhmanaliev\\_Imperiya-tyurkov--Velikaya-tsvilizatsiya/32](http://historylib.org/historybooks/Rustan-Rakhmanaliev_Imperiya-tyurkov--Velikaya-tsvilizatsiya/32)
7. Religia v istorii i kúltýre: Úchebnik dlia výzov/Pod red. Prof. M.G. Pismanika. – 2-e izd, pererab. i dop. – M.: IYNITI–DANA,2000. – 591 s.
8. Zaharova I.V. Dvenadtsatletniú jivotnyú tsikl ú narodov Tsentralnoú Azii. Trýdy institúta istorii, arheologii i etnografii AN KazSSR. Tom-8. Almaty, 1960. 32–66 str.
9. Qazaq qoljazbalary. Kóne túrki jáne qazaq jazba ádebi muralary (b.d.d. V ú. bastap – HH ú. derin), 10 tomdyq basylym. Maitrı Simit. Nom bitik (Maitrisimit Nom Bitig, Qumyl nusqasy, HI úasyr, 1067 jyl): faksimeliua, transkriptsiua, jolma-jol jáne erkin áydarma. – Almaty: «El-shejire» QQ, - 2012. T.5: – 384 bet.
10. Qańtarbauly Q., Shaqanuly D. Soltústik Qazaqstan, Kókshetaý oblystaryna baryp jinap qaıtqan materialdar mazmuny. 26 aprel 1962 j. 1–24 b. Ortalyq úylymı kitaphananyń Srek kitaptar ortalyúy. Qoljazba shıfri №1884.

### **Özet**

(Makalede, Türk halklarının halk geleneklerinin bir parçası hâline gelen bazı kavramların, komşu halkların dini inançlarından yola çıkılarak ortaya çıkış tarihi incelenmektedir. Ayrıca, yazar Türk Kağanlığı döneminde ülkede yaygınlaşan dini inanç ve kanaatlerin tezahürlerini ayrıntılı olarak analiz etmeye çalışmıştır. Efsanevi temsilleri ve eski inançları, Sarı Uygurlar gibi eski kabilelerin geleneklerini inceleyen yazar, modern Kazak folklorunda korunan dini inançların kökenlerini belirlemeye çalışmaktadır. Ayrıca, Türk Kağanlığı dönemine kadar uzanan Türk yazma geleneğini, taş ve harflerin izleri ve zamanın yaygın dini akımları temelinde oluşan yazılı geleneği anlatır. Halk edebiyatındaki bu akımların izleri de makalenin temelini oluşturmaktadır.

**Anahtar Kelimeler:** Türk Kağanlığı, Budizm, geri sayım kronolojisi, yedi hazine, Şamanizm.

**(B. Abjet. Türk Kağanlığı Döneminde Dini Hareketler: Budizm ve Şamanizmin Doğuşundan Kronolojiyi Geri Sayma, Halk Edebiyatındaki Yedi Hazine Hakkındaki Fikirlerin Tezahürü)**

### **Аннотация**

В данной статье автор рассматривает историю возникновения некоторых концепций, вошедших в народные традиции тюркских народов, основанных на религиозных верованиях соседних народов. Также автор пытается подробно проанализировать проявления религиозных верований и убеждений, которые распространились в стране и сохранились в памяти народа во времена Тюркского каганата. Изучая мифические представления и древние верования, обычаи древних племен, таких как Желтые уйгуры того времени, автор пытается определить истоки религиозных верований, сохранившихся в современном казахском фольклоре. Автор также рассказывает о тюркской письменной традиции, восходящей к периоду тюркского каганата, и письменной традиции, которая сформировалась на основе следов камня и букв, и широко распространенных религиозных течений того времени. Следы этих течений в народной литературе также легли в основу статьи.

**Ключевые слова:** Тюркский каганат, буддизм, отсчет летоисчисления, семь сокровищ, шаманизм.

**(Абжет Б. Религиозные течения во времена тюркского каганата: отсчет летоисчисления с момента зарождения буддизма и шаманизма, проявление представлений о семи сокровищах в народной литературе)**